

2011 жылға Абай ауданында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 желтоқсандағы N 30/28 қаулысы. Қарағанды облысы Абай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 14 қаңтарда N 8-9-99 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы N 32/10 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2011.12.29 N 32/10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін әрекет етеді) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, нысаналы топтарға жататын жұмыссыз азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның ұйымдары, кәсіпорындары, мекемелері Қазақстан Республикасының заңнамаларымен орнатылған тәртіпте Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жұмыссыз ретінде тіркелген нысаналы топтардағы жұмыссыз азаматтарды уақытша жұмыспен қамту үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ашсын.

2. Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Баян Райқанқызы Муталыпова):

1) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істеуге ниет білдірген, нысаналы топтардағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа қабылдау және жіберу бойынша жұмыс жүргізсін;

2) осы санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс берушілермен шарт жасау бойынша жұмыс жүргізсін;

3) әлеуметтік жұмыс орындарының ұйымдастырылуының тиімділігін бақылау, жасалған шарттардың орындалуы бойынша жұмыс жүргізсін;

4) әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру мониторингін жүргізсін;

5) нысаналы топтардағы жұмыссыздардың еңбек төлеміне кететін жұмыс

берушінің шығындарының өтемін жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген ең төмен еңбекақыдан 50% мөлшерде қамтамасыз етсін.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырған жұмыс берушілер жұмыссыздардың еңбек төлемін келесі мөлшерде қамтамасыз етсін: жергілікті бюджет қаражаты есебінен республика бойынша белгіленген ең төмен еңбекақыдан 50% мөлшерде және жұмыс берушінің қаражаты есебінен ең төмен еңбекақыдан 50% аз емес мөлшерде.

4. Қоса берілген әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу ережесі бекітілсін.

5. Абай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 3 желтоқсанда N 28/07 "2010 жылға Абай ауданында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысы (Абай ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 11 желтоқсанда N 8-9-70 тіркелген, 2010 жылғы 1 қаңтардағы N 1-2 және 2010 жылғы 2 сәуірдегі N 16 "Абай-Ақиқат" аудандық апта сайынғы газетінде жарияланған) және Абай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 4 наурызында N 03/01 "Жол картасы" бойынша 2010 жылға Абай ауданында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысының (Абай ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 12 наурызында N 8-9-76 тіркелген, 2010 жылғы 19 наурызындағы N 14 "Абай-Ақиқат" аудандық апта сайынғы газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай ауданы әкімінің орынбасары Әсем Айтжанқызы Жүніспековаға жүктелсін.

7. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін әрекет етеді.

Абай ауданының әкімі *Е. Нашаров*

Абай ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 28 желтоқсандағы N 30/28
қаулысымен бекітілді

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Ережелері 1. Жалпы ережелер

1. Бұл ережелер Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес әзірленген және нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу

ережелерін

белгілейді.

2. Осы ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік жұмыс орны – жұмыс беруші нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін жергілікті атқарушы органмен (оның уәкілетті органымен) шарттық негізде құратын, жұмыс берушінің олардың еңбегіне ақы төлеу шығындары ішінара өтелетін жұмыс орны;

2) жұмысқа орналастыру – халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;

3) нысаналы топтар – жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды қажет ететін тұлғалар топтары;

4) жұмыс беруші – қызметкермен еңбек қатынастарында тұратын заңды немесе жеке тұлға;

5) уәкілетті орган – халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесуді және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды аймақтық деңгейде қамтамасыз ететін жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – уәкілетті орган).

3. Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбек және басқа қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру

4. Жұмыс беруші нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін уәкілетті органмен шарттық негізде жұмыс орындарының саны шектелмейтін және уақытша сипаттағы әлеуметтік жұмыс орындарын құрады. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос орындар пайдаланылмайды.

5. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға тілек білдірген жұмыс беруші уәкілетті органға әлеуметтік жұмыс орындарының саны, еңбекақы мөлшері көрсетілген еркін нысанды өтініш береді.

6. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеуді және тізімін жасауды уәкілетті орган төмендегі сипаттар негізінде жүзеге асырады;

1) қаржы ахуалы;

2) материалдық базасының болуы және техникалық жарақтануы.

7. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілердің тізімін уәкілетті орган жасайды және олармен "Уәкілетті орган – Жұмыс беруші" келісімшартын жасайды. Келісімшарт екі данада екі жақтың әрқайсысына құрастырылады.

8. Келісімшартта жұмыс уақыты режиміне байланысты еңбек қатынастарын реттеу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету, еңбекақы төлеу шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың мерзімі мен көздері, шартқа өзгерістер енгізу, бұзу ережелері және басқа да еңбек заңнамаларында көзделген мәліметтер қамтылуға тиіс.

9. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан нысаналы топтардағы жұмыссыздардың жұмыс мерзімі алты айға дейін белгіленеді.

3. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу

10. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруға жіберуді жұмыссыздың келісімімен уәкілетті орган жүзеге асырады.

11. Жұмыс беруші жұмыссызды жұмысқа қабылдағандығы туралы бұйрықтың көшірмесін үш күн мерзімде уәкілетті органға береді.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған нысаналы топтардағы тұлғалардың еңбегін төлеу

12. Жалақының мөлшері орындалатын жұмыстың сапасына, санына және күрделілігіне байланысты белгіленеді, бірақ ол 40000 теңгеден (Қырық мың теңге) кем болмауы тиіс.

13. Қызметкерлердің көрсетілген санатының еңбегін төлеу жұмыс берушімен жүзеге асырылады.

14. Мерзімінен тыс жұмыстарға, мереке және демалыс күндеріндегі жұмыстарға, түнгі уақыттағы еңбекке ақы төлеу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейтіндердің жалақыларына заңдарда белгіленген тәртіппен салық салынады.

5. Есеп берушілік

16. Нысаналы топтардағы жұмыссызды әлеуметтік жұмыс орнына уақытында қабылдаған жұмыс беруші, уәкілетті орган берген жолдамаға тиісті белгі қою арқылы жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту себебін көрсете отырып, ол туралы дер кезінде (уәкілетті орган оған азаматтарды жіберген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде) хабарлайды.

17. Уәкілетті орган әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген жұмыссыздардың жұмыспен қамтылуына тұрақты мониторинг жүргізеді, Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына тоқсан сайын ақпарат береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК